

Нысаналы топқа жататын азаматтардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 24 маусымдағы N 198 қаулысы.
Алматы облысының Әділет департаменті Текелі қаласының әділет басқармасында 2009 жылы 16 шілдеде N 2-3-64 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 2-тармақ 5-бабының нормаларын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы "Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" N 264 қаулысын іске асыру үшін, сонымен бірге 2009 жылы 13 маусымда жер сілкінісі салдарынан зардап шеккен жұмысы жоқ азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін Текелі қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нысаналы топқа жататын азаматтардың қосымша тізбесі белгіленсін:
2009 жылы 13 маусымда жер сілкінісі салдарынан зардап шеккен жұмысы жоқ
а з а м а т т а р .

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды қала әкімінің орынбасарлары Гүлмира Баяхметқызы Маупашеваға, Геннадий Иванович Савиновқа, Әсет Серікұлы
Қ а н а ғ а т о в қ а жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Текелі қаласының әкімі

С. Бескемпіров